

FinePower

Пайдаланушы нұсқаулығы

Бұрышажармашина FinePower AGR800

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік	4
Электр қауіпсіздігі	4
Жеке қауіпсіздік.....	5
Электр құралдарын дұрыс пайдалану	5
Арнайы қауіпсіздік шаралары	6
Кері соққы	7
Ажарлау мен кесу жөніндегі ескертулер.....	8
Құрылғының сұлбасы	9
Жиынтықтамасы	9
Құрылғыны пайдалану	10
Жұмысқа даярлық.....	10
Құрылғымен жұмыс	11
Құрылғыны тазалау мен қызмет көрсету	12
Техникалық сипаттамалар	12
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	12
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біз Сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сай әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және бұйымды одан ары пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Бұрыш ажарлағыш машина (бұрышажармашина) металдан жасалған бұйымдарды кесуге, тастан, металдан және басқа да материалдардан жасалған бұйымдарды түрпілеп өңдеуге: ажарлауға және тазартуға арналған. Дымқылдап ажарлау үшін пайдалануға тыйым салынады!

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орнын таза ұстаңыз. Ретсіздік немесе жұмыс орнының жарықтандырылмауы жазатайым жағдайларға ұшыратуы мүмкін.
- Бұл электр құралымен жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газдар немесе шаң-тозаңы бар жарылғыш қауіп көп үй-жайда жұмыс істеменіз. Пайдалану кезінде, сондай-ақ қосқан және өшірген кезде құралдан ұшқын шашырайды, ол шаңды немесе буды тұтандырып жіберуі мүмкін.
- Электр құралын пайдалану кезінде балаларды және бөтен адамдарды өзіңіздің жұмыс орныңызға жақын жолатпаңыз. Сіз электр құралын басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр құралы штепселінің ашасы штепсельдің резеткісіне сәйкес келуге тиіс. Штепсельдің ашасын ешқалай өзгертуші болмаңыз. Жерге тұйықталған электр құралдарына арналған өтпе істікшелерді қолданбаңыз. Өзгеріске ұшырамаған штепсель ашалары мен сәйкес штепсель резеткілері электр тоғының соғу қаупін азайтады.
- Электр тоғының соққысынан сақтанудың қажетті шараларын ұстаныңыз. Құрал корпусының құбырлар, жылыту жүйесі, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен жанасуын болдырмаңыз.
- Электр құралын жаңбыр мен ылғалдан қорғаңыз. Электр құралының ішіне судың кіріп кетуі электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- Баусымды арналған мақсатына сай емес әрекеттерге, мысалы, электр құралын тасымалдау, оны асып іліп қою немесе ашаны резеткіден суырып алу үшін пайдалануға рұқсат етілмейді. Баусымды жоғары температурадан, майдан, өткір жиектерден немесе электр құралының қозғалмалы бөлшектерінен қорғаңыз. Зақымдалған немесе шиеленіскен баусым электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- Таза ауада жұмыс істеген кезде сәйкес ұзартқышты пайдаланыңыз. Даладағы жұмысқа жарамды ұзартқышты ғана пайдаланыңыз.

Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, іс-әрекетіңізді қадағалаңыз және электр құралымен жұмысты ойланып алып бастаңыз. Егер Сіз шаршаған күйде не болмаса есірткі, спиртті ішімдік немесе дәрі-дәрмектің ықпалды әсерінде болсаңыз, электр құралымен пайдаланбаңыз. Электр құралымен жұмыс атқарған кездегі қас қағым сәттік зейінсіздік ауыр жарақатқа душар етуі мүмкін.
- Электр құралымен атқарылатын жұмыс түріне қарай жеке қорғаныс құралдарын: қорғаныш маскасын, табаны тайғанамайтын аяқ киімді, қорғаныш шлемін немесе есту мүшелерін қорғау құралдарын қолдану жарақат алу қаупін азайтады.
- Электр құралының аңдаусызда қосылып кетуінің алдын алыңыз. Электр құралын электр қуат көзіне және/немесе аккумуляторға қоспай тұрып, құрылғының сөндіріліп тұрғанына көз жеткізіңіз. Жалғанған құралды ажыратып-қосқыштан ұстамаңыз.
- Электр құралын қоспас бұрын орнату құралын немесе сомын кілттерін алып тастаңыз. Электр құралының айналып тұратын бөлігінде қалған құрал немесе кілт жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Дене тұрқыңызды ебедейсіз күйде ұстамаңыз. Әрдайым орнықтылық пен тепе-теңдікті сақтаңыз. Соның арқасында Сіз күтпеген жағдайларда электр құралын жақсырақ бақылай аласыз.
- Лайықты жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кимеңіз, әшекейлер тақпаңыз. Шашты, киім мен қолғапты айналмалы бөліктерден аулақ ұстаңыз.
- Шаң сорғыш және шаң жинағыш қондырғыларды орнату мүмкіндігі болса, олардың қосылуын және дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаңсорғышты қолдану шаңнан келетін қатерді азайтуы мүмкін.
- Электр қуат көзі жоғалғанда немесе электр құралы басқаша кездейсоқ сөнген жағдайда, ажыратқыштың пернесін дереу «Өшіру» күйіне келтіріңіз де, ашаны резеткіден ажыратыңыз. Егер кернеу жоғалғанда машина қосұлы күйінде қалса, онда қуат беру қалпына келтірілгенде ол өздігінен жұмыс істеп кетеді де, ол дене жарақатына және(немесе) материалдық шығынға ұшыратуы мүмкін.

Электр құралдарын дұрыс пайдалану

- Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналмаған.
- Электр құралына артық күш түсірмеңіз. Жұмысыңыз үшін соған арналған электр құралын пайдаланыңыз. Сипаттамасы бойынша сәйкес келетін электр құралымен көрсетілген қуат ауқымында жақсы әрі сенімдірек жұмыс атқарасыз.
- Ажыратқышы бұзылған электр құралымен жұмыс істеменіз. Қосуға немесе өшіруге илікпейтін электр құралы аса қауіпті және ол жөнделуі тиіс.
- Электр құралын жөндеуді бастамас бұрын, саймандарын ауыстыру мен жұмысты тоқтату алдында штепсельдің ашасын желі резеткісінен ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды шығарып алыңыз. Бұл электр құралының аңдаусызда қосылып кетуінің алдын алады.
- Пайдаланылмай тұрған электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Электр құралымен таныс емес немесе осы нұсқаулықты оқымаған адамдарға оны пайдалануға рұқсат бермеңіз. Тәжірибесі жоқ адамдардың қолындағы электр құралдары қауіпті.

- Электр құралын, саймандарын, жұмыс құралдарын және т.с.с. осы нұсқауларға сәйкес қолданыңыз. Бұл ретте жұмыс шарттары мен орындалатын жұмысты ескеріңіз. Электр құралдарын көзделмеген жұмыстар үшін пайдалану қауіпті жағдайларға ұшыратуы мүмкін.
- Пайдаланылмайтын құрал құрғақ, жабық, балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуға тиіс! Осы нұсқаулықты оқымаған тұлғаларға құралды пайдалануға рұқсат бермеңіз.

Арнайы қауіпсіздік шаралары

- Бұл электр құралы түрпілі шеңберлеп, қазақ қағазбен ажарлауға арналған машина ретінде, сымды қылшақпен жұмыс істеу үшін және кескіш ажарлағыш машина ретінде қолдануға арналған. Электр құралымен бірге алынған ескерту нұсқаулардың, нұсқаулықтардың, суреттердің және деректердің барлығын ескеріңіз. Төмендегі нұсқауларды орындамау электр тоғының соғуына, өртке және/немесе ауыр жарақаттарға душар етуі мүмкін.
- Бұл электр құралы жылтыратуға жарамайды. Бұл электр құралына арналмаған жұмыстарды орындау қауіп-қатерге немесе жарақатқа ұшырауға себепші болуы мүмкін.
- Өндіруші осы электр құралына арнайы қарастырмаған және ұсынбаған керек-жарақты қолданбаңыз. Ондай керек-жарақты пайдалану мүмкіндігі құрылғымен атқарылатын жұмыстың қауіпсіздігіне кепілдік бермейді.
- Жұмыс құралы айналымының рұқсат етілген саны электр құралында көрсетілген айналымның ең үлкен санынан кем болмауға тиіс. Рұқсат етілгеннен көбірек жылдамдықпен айналатын жабдық жарылып, айналаға шашыла ұшуы мүмкін.
- Жұмыс құралының сыртқы диаметрі мен қалыңдығы Сіздің электр құралыңыздың өлшемдеріне сәйкес келуге тиіс. Өлшемдері сай емес жұмыс құралдарын тиісті деңгейде қорғау және қадағалау мүмкін емес.
- Ажарлау дөңгелектері, ернемектер, ажарлау тәрелкелері немесе басқа да саймандар Сіздің электр құралыңыздың айналдырығына дәл қонуға тиіс. Электр құралының айналдырығына дұрыс қонбаған жұмыс құралдары соғыла айналып, қатты дірілдейді және басқарудан айрылтуы мүмкін.
- Зақымдалған жұмыс құралдарын қолданбаңыз. Әрбір пайдаланарда жұмыс құралдарын: ажарлау дөңгелегінің кетілуі мен жарылуын, ажарлау тәрелкесінің жарылуын, сызықізін немесе қатты тозуын, сымды қылшақтардың бекітілмеуін немесе сымдары қиылуын ұдайы тексеріңіз. Электр құралы немесе жұмыс құралы құлағаннан кейін соңғысының зақымдалмағанын тексеріңіз де, қажет болса зақымдалмаған жұмыс құралын орнатыңыз. Жұмыс құралын бекітіп болғаннан кейін жұмыс құралының айналу жазықтығынан тыс жерге барып, электр құралын бір минутқа айналымның ең үлкен санымен қосыңыз. Зақымдалған жұмыс құралын қосқан кезде ол ортадан тепкіш күштердің әсерінен қақырай айырылып, жарақат келтіруі мүмкін.
- Жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Атқарылатын жұмыс түріне қарай бетке арналған қорғаныш қалқанын, көзге арналған қорғау құралын немесе қорғаныш көзілдірігін қолданыңыз. Ретіне қарай, түрпілі бөлшектер мен материал бөлшектерінен қорғайтын шаңға қарсы респираторды, есту мүшелерін қорғау құралдарын, қорғаныш қолғапты немесе арнайы алжапқышты қолданыңыз. Көз түрліше жұмыстардың орындалуы барысында пайда болатын ауадағы ұсақ түрпілі бөлшектерден қорғалуға тиіс. Шаңға қарсы респиратор немесе тыныс алу жолдарын қорғайтын маска жұмыс кезінде туындайтын шаң-тозаңды ұстауға тиіс. Қатты шуылдың ұзақ уақыт әсер етуінен есту қабілеті жоғалуы мүмкін.

- Барлық адам Сіздің жұмыс аймағыңыздан қауіпсіз қашықтықта болуын қадағалаңыз. Жұмыс аймағы шегіндегі әр адамда жеке қорғаныс құралдары болуға тиіс. Бөлшектердің немесе қақырай айырылған жұмыс құралдарының жарықшақтары жан-жаққа ұшып, тұра жұмыс аймағынан сыртқары жерде де жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Егер Сіз жұмыс құралы жасырын электр сымына немесе қуат көзіне қосатын өзінің баусымына тиюі мүмкін жұмыстарды орындайтын болсаңыз, электр құралын тек оқшауланған тұтқасынан ғана ұстаңыз. Тоқ жүретін сыммен жанасу электр құралының металл бөлшектерін де кернеуге ұшыратады, бұл электр тоғының соғуына душар етуі мүмкін.
- Қуат көзінің кабелін айналып тұрған жұмыс құралынан аулақ ұстаңыз. Егер Сіз құралды басқара алмай қалсаңыз, қуат көзінің кабелі кесіліп кетуі немесе айналмалы бөлікке тартылып кетуі, осыдан қолбасы немесе қолыңыз айналып тұрған жұмыс құралының астында қалуы ықтимал.
- Жұмыс құралы толық тоқтағамайынша, электр құралын еш уақытта қолдан жібермеңіз. Айналып тұрған жұмыс құралы тіреуіш бетіне ілігіп қалуы ықтимал, соның кесірінен Сіз электр құралын басқарудан айрылуыңыз мүмкін.
- Тасымалдау кезінде электр құралын өшіріп қойыңыз. Сіздің киіміңіз айналып тұрған жұмыс құралына тартылып кетіп, бұдан Сізге зақым келуі мүмкін.
- Электр құралыңыздың желдеткіш керттіктерін ұдайы тазалап тұрыңыз. Қозғалтқыштың желдеткіші шаңды корпусқа тартады да, металл шаңының молынан жиналуы электрлік тұйықталуға ұшыратуы мүмкін.
- Электр құралын жанғыш материалдардың қасында пайдаланбаңыз.
- Салқындатқыш сұйықтықтарды қолдануды қажет ететін жұмыс құралдарын пайдаланбаңыз. Суды немесе басқа салқындатқыш сұйықтықты қолдану электр тоғының соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Кері соққы

- Кері соққы дегеніміз - айналмалы жұмыс құралының күрт тоқтауына әкелетін ажарлау дөңгелегі, ажарлау тәрелкесі, сымды қылшақ және т.б. сияқты айналмалы жұмыс құралының айқасып қалуы немесе бұғатталуының нәтижесінде болатын күтпеген реакция. Бұл жағдайда бақылаудан кеткен электр құралы бұғатталу орнында жұмыс құралының айналу бағытына қарсы үдейді.
- Егер тегістеу дөңгелегі дайындамада қарысып немесе бұғатталып қалса, онда дайындамаға енген тегістеу дөңгелегінің жиегі қысылып қалып, нәтижесінде дөңгелектің дайындамадан атып шығуына немесе кері соққыға әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда ажарлау дөңгелегі айналу бағытына байланысты дөңгелектің бұғатталу орнында операторға қарай не одан кері қозғалады әрі сынып қалуы да мүмкін. Кері соққы электр құралын дұрыс пайдаланбаудың салдары немесе оператордың қателігі болып табылады. Төменде сипатталған сақтық шараларымен оның алдын алуға болады.
- Электр құралын мықтап ұстап, өзіңіз кері күштерге қарсы тұра алатындай қалыпқа келіңіз. Бар болса, кері күштерге немесе реакциялық моменттерге мүмкіндігінше жақсырақ қарсы тұру үшін, әрдайым қосымша тұтқаны қолданыңыз. Оператор тиісті сақтық шаралары арқылы кері соққыға және реакция күштеріне қарсы тұра алады.
- Қолыңыз ешқашан айналмалы жұмыс құралына жақын болмауға тиіс. Кері соққы кезінде жұмыс құралы Сіздің қолыңызға тиюі мүмкін.
- Кері соққы кезінде электр құралы қозғалатын аймақтан аулақ тұрыңыз. Кері соққы электр құралын бұғаттау орнында ажарлау дөңгелегінің қозғалысына қарсы бағытта қозғалтады.

- Әсіресе бұрыштарда, өткір жиіектерде және т.б. тұстарда абайлап жұмыс істеңіз. Жұмыс құралының дайындамадан секіріп кетуі мен оның қарысып қалуының алдын алыңыз. Айналмалы жұмыс құралы бұрыштарда, өткір жиіектерде және секіріп кеткенде қарысып қалуға бейім. Бұл бақылаудан айырылуға әкеледі немесе кері соққыны тудырады.
- Ара тізбектерін немесе ара төсемдерін қолданбаңыз. Мұндай жұмыс құралдары кері соққыға немесе электр құралын бақылаудан айырылуға жиі себеп болады.

Ажарлау мен кесу жөніндегі ескертулер

- Тек Сіздің электр құралыңызға ғана рұқсат етілген қажақты құралдарды және солар үшін қарастырылған қорғаныстық қаптамаларды қолданыңыз. Осы электр құралы үшін қарастырылмаған қажақты құралдар жеткілікті түрде экрандалмайды және қауіпсіз емес.
- Қорғаныстық қаптама электр құралына қауіпсіздіктің барынша жоғары деңгейіне қол жеткізетіндей мықтап бекітілуге тиіс, яғни оператор жаққа қарай қажақты құралдың мүмкіндігінше аз бөлігі ашық болуға тиіс. Қорғаныстық қаптама операторды жарықшақтардан және қажақты құралмен кездейсоқ жанасудан қорғауға тиіс.
- Қажақты құралдарды тек ұсынылған жұмыстар үшін ғана қолдануға рұқсат етіледі. Мысалы: кесу дөңгелегінің бүйір бетімен еш уақытта ажарламаңыз. Кесу дөңгелегі материалды жиіектеп түсіруге арналған. Бұл қажақты құралға түскен бүйірлік күштер оны сындыруы мүмкін.
- Әрдайым өзіңіз таңдап алған ажарлау дөңгелегі үшін өлшемі мен пішіні дұрыс, зақымдалмаған ернемекті сомындарды қолданыңыз. Дұрыс ернемектер ажарлау дөңгелегі үшін тірек болып табылады және оның сыну қаупін азайтады. Кесу дөңгелегіне арналған ернемек ажарлау дөңгелегінің ернемегінен өзгешеленуі мүмкін.
- Үлкен өлшемді құралдардың тозған ажарлау дөңгелектерін пайдаланбаңыз, өйткені олар жоғары жылдамдыққа есептелмеген және жұмыс кезінде жарылып кетуі мүмкін.

Құрылғының сұлбасы



1. Біліктің тоқтатқышы.
2. Редуктордың корпусы.
3. Ажыратқыш.
4. Корпустың тұтқасы.
5. Қорек көзінің кабелі.
6. Бүйірлік тұтқа.
7. Қорғаныстық қаптама.

Жиынтықтамасы

- Құрылғы.
- Қосымша тұтқа.
- Қорғаныстық қаптама.
- Көмірлі қылшақтар жұбы.
- Арнайы кілт.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.


Құрылғыны пайдалану

Жұмысқа даярлық

Назар аударыңыз! Құралды жинардың алдында ажыратқыштың батырмасы (3) «Өшіру» күйінде тұрғанына, ал қуат көзінің ашасы резеткіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.


Қосымша тұтқаны монтаждау

Жұмыстың ыңғайлылығы мен қауіпсіздігі үшін бүйірлік тұтқаны пайдаланыңыз. Бүйірлік тұтқаны монтаждау үшін, жұмыс тәсіліне байланысты оны редуктор басының оң немесе сол жағынан бұраңыз (1-сур.). Тұтқаның жақсылап орнатылғанына көз жеткізіңіз.



Қорғаныстық қаптама



- Қорғаныстық қаптаманы электр құралының қондыру бетіне қаптаманың жұдырықшалары редуктордың қондыру бетіндегі ойықтармен дәл келетіндей етіп орнатыңыз. Сосын қаптаманы сағат тілімен бағыттап немесе сағат тіліне қарсы 180°-қа бұраңыз (2-сур.). Қаптаманың бұрандасын тартыңыз (3-сур.).
- Қорғаныс қаптамасын операторға ұшқын шашырамай-тындай етіп орнатыңыз.
- Қорғаныс қаптамасы тек оның бұрандасы босатылған соң ғана бұрыла алатын болуға тиіс! Әйтпесе электр құралын одан ары пайдалануға болмайды, ол қызмет көрсету орнына жіберілуге тиіс.
- Кодтау жұдырықшалары тек электр құралына сай қорғаныс қаптамасына ғана орнатуға кепілдік береді.



Дискіні орнату

- Ішкі ернемекті айналдырыққа кигізіңіз. Теріс кесу жазықтығына тығыз жатуын қамтамасыз етіңіз.
- Ажарлау дискісін айналдырыққа қойып, оны ішкі ернемекке жатқызыңыз. Оның тығыздап қысылғанына көз жеткізіңіз.
- Енді айналдырыққа ішкі бұрандалы сыртқы ернемекті бұраңыз, бұл кезде оны қай жағымен кигізетініне назар аударыңыз, ол қолданылатын дискінің түріне байланысты.

Ажарлау дискісін сыртқы ернемекпен дөңгелектің ішкі тесігіне кіретін шығыңқы сақинасы бар жағымен қысу қажет. Кесу дискісін сыртқы ернемектің жазық жағымен қысу керек (4-сур.).



- Білік тоқтатқышының батырмасын басып, жетек білігін бекігенше аздап бұраңыз. Сыртқы ернемекті сыртқы ернемекке арналған кілттің көмегімен тартыңыз (5-сур.).

5



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Білік тоқтатқышының батырмасы дискіні орнату мен бөлшектеу үшін ғана пайдаланылады. Электр құралы жұмыс істеп тұрған кезде оны апаттық батырма ретінде пайдаланбаңыз. Әйтпесе ол құралдың бұзылуына немесе дене жарақатына душар етуі мүмкін.

Ажарлаушы жұмыс құралы мінсіз орналасуға және еркін айналуға тиіс. Сынама қосылуды кем дегенде бір минут бойы жүктемесіз орындаңыз. Егер дискі дірілдесе, оны ауыстырыңыз.

Құрылғымен жұмыс

Электр құралын қосу және өшіру

Желінің кернеуін ескеріңіз! Тоқ көзінің кернеуі электр құралының типтік тақтасындағы мәліметтерге сәйкес келуге тиіс. 230 В-ға арналған электр құралдары 220 В-да да жұмыс істей алады.

- Бұрыш ажарлау машинасын қосу үшін ажыратқыштың пернесін (3) алға қарай (редукторға бағыттап) жылжытыңыз. Перне бекіп тұрады да, ажарлау машинасы іске қосылады.
- Ажарлау машинасын тоқтату үшін перненің артқы бөлігін басыңыз - ол бұғаттан шығып, бастапқы қалпына келеді де, ажарлау машинасы сөнеді.
- Егер құрал жұмыс бетімен жанасып тұрса, ажыратқыштың батырмасын ешқашан баспаңыз.
- Ажарлау машинасын өшіргеннен кейін дискі біраз уақыт айналып тұрады. Құралды сақтауға қоймас бұрын дискінің толық тоқтағанын күтіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қосылып тұрған ажарлау машинасын еш уақытта Сіз немесе Сіздің айналаңыздағы адамдар не жануарлар жұмыс құралының (кесу немесе ажарлау дөңгелегі, сымды қылшақ және т.б.) қорғаныс қақпағымен жабылмаған жазықтығында болатындай етіп орналастырмаңыз. Сақтау кезінде немесе ажарлау машинасын тасымалдағанда зақымдалған дөңгелек сынама қосу кезінде ортадан тепкіш күштермен жыртыла айырылып, жарақаттауы мүмкін.
- Қорғаныс қаптамасы жоқ электр құралын пайдалануға тыйым салынады! Құралды оның өшірілгеніне және дискінің тоқтағанына көз жеткізген соң ғана қойыңыз.

Құрылғыны тазалау мен қызмет көрсету

- Құрылғыны алдын ала желіден ажыратып барып, жұмсақ дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Жемір жұғыш құралдарды пайдаланбаңыз. Құрылғыға су тиген жағдайда оны дереу сөндіріп, электр желісінен ажырату және суды құрғақ жұмсақ шүберекпен сүрту керек.
- Құрылғыдағы дискінің айналу жылдамдығы тым үлкен болғандықтан, айналдырықтың мойынтірегің ұдайы тазалап, майлап отыру керек. Қызмет көрсету кезінде құрылғы желіден ажыратулы болуға тиіс.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: AGR800.
- Желінің көрсеткіштері: 220-240 В ~ 50-60 Гц.
- Қуаты: 800 Вт.
- Қолдаулы ауысым дискілері: 115 x 22.2 x 6 мм.
- Бос жүріс тәртібіндегі айналымдары: 11000 айн/мин.
- Дискінің диаметрі: 115 мм.
- Айналдырықтың түрі: M14.
- Шаңнан және ылғалдан қорғалуы: IP20.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С... 40 °С аралығында дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы тиіс. Панажайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторланған қызмет көрсету орталығына жүгінген немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қалдықпен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдайтын сәйкес орындарға өткізілуі тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Дайындаушы: Цзиньхуа Сантэк Түлз Ко., Лтд.
Ян ауылы, Цюаньси, Уи, Цзиньхуа қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, оның сипаттамалары және жиынтықтылығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбастан өзгеріске ұшырауы мүмкін.
Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгешеленуі мүмкін.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентіне сәйкестікті міндетті түрде растаудан өтті:

- КО ТР 004/2011 «Төменвольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру өкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



